

**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің кейбір ұйымдары
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 9 тамыз N 1227

"2000-2001 жылдары жекешелендірілуге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 шілдедегі N 912 қаулысына сәйкес және стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы құрылымды оңтайландыру әрі бәсекелестік ортаны дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің мынадай республикалық мемлекеттік кәсіпорындары:

1) "Қазақстандық стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" мен "Мемлекеттік алкогольдік өнімді өндірушілерді тексеру орталығын" қайта құру арқылы оның жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" ашық акционерлік қоғамы болып;

2) "Қазсертико" мемлекеттік ғылыми-практикалық орталығы" мен "Стандарттау метрология және сертификаттау саласындағы біліктілік арттыру институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта құру арқылы оның жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Ұлттық тіркеу орталығы" ашық акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің қарамағындағы мынадай республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының атаулары:

1) "Стандарттау мен стандартты үлгілердің мемлекеттік ақпараттық орталығы" - "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)"

2) "Метрология" - "Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мынадай мемлекеттік мекемелері:

1) "Орталық Қазақстан мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық қызметі";

2) "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық қызметі" тартылсын.

4. 1-қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және

сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің бекітілген штат саны лимиті шегінде, аталған Комитеттің аумақтық органдары ретінде мемлекеттік мекемелері құрылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жарғыны бекіту кезінде:

"Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" ашық акционерлік қоғамына: стандарттаудың, метрология және сертификаттаудың аймақтық жүйелерін әзірлеуге қатысу; техникалық жағдайларды сараптау; өлшеу құралдарын метрологиялық аттестациялау мен қалыптауды қамтамасыз ету, тексеру; сынаулар жүргізу; өнім, қызмет көрсету, өндіріс пен сапа жүйесін сертификаттау жөнінде жұмыстар жүргізу; тауардың шығарылу тегін сараптау; сәйкестігі мен сапасына сертификат беру; бағалы металдар мен олардың шетелдік және отандық қорытпаларынан жасалған зергерлік және тұрмыстық бұйымдарына сынама жасау; қымбат металдар мен асыл тастарға техникалық сараптау жүргізу;

2) құрылып жатқан ашық акционерлік қоғамдардың, мемлекеттік мекемелердің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және қайта аталған республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.01.13. N 46, 2001.10.31. N 1384 қаулыларымен.

6. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 9 тамыздағы N 1227

қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мемлекеттік қадағалау бойынша мемлекеттік мекемелерінің

тізімі

1. Ақмола облысы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау басқармасы. Көкшетау қаласы

2. Астана қаласы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Астана қаласы
3. Ақтөбе облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Ақтөбе қаласы
4. Алматы облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Алматы қаласы
5. Алматы қаласы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Алматы қаласы
6. Атырау облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Атырау қаласы
7. Шығыс Қазақстан облысы бойынша
Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау
басқармасы. Өскемен қаласы
8. Жамбыл облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Тараз қаласы
9. Батыс Қазақстан облысы бойынша
Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау
басқармасы. Орал қаласы
10. Қарағанды облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Қарағанды қаласы
11. Қостанай облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Қостанай қаласы
12. Қызылорда облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Қызылорда қаласы
13. Маңғыстау облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Ақтау қаласы
14. Павлодар облысы бойынша Мемстандарттың
мемлекеттік қадағалау басқармасы. Павлодар қаласы
15. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау
басқармасы. Петропавл қаласы
16. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша
Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау
басқармасы. Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 9 тамыздағы N 1227

қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен
толықтырулар**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.08. N 1209 қаулысымен.

3. "Метрология" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1342 қаулысына :

1) тақырыбында және мәтіндегі "Метрология" деген сөз "Қазақстан метрология институты (ҚазМетИн)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"халықаралық талаптарға сай өлшем бірлігін қамтамасыз ету үшін метрология жөніндегі техникалық (эталондық) базаны және нормативтік құжаттардың үйлесімділігін жетілдіру, метрология бойынша оларды тіркеу кезінде ұйымдарды техникалық тексеру, осы салада мамандарды даярлау және біліктілігін көтеру".

4. "Мемлекеттік акциялар пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат.):

көрсетілген қаулымен бекітілген, мемлекеттік акциялар пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктері тізбесінде:

"Астана қаласы" бөлімі реттік нөмірі 21-1, 21-2-мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"21-1 "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" ААҚ;

"21-2 "Ұлттық тіркеу орталығы" ААҚ.

"Алматы қаласы" бөлімінде:

реттік нөмірі 123-6 АЛА - 000283 "Авиажөндеу зауыты N 405" ААҚ жолындағы "123-6" деген сан "123-8" деген санмен ауыстырылсын.

5. "Республикалық меншіктегі ұйымдарға мемлекеттік акциялар пакеттері мен мемлекеттік үлестерін иелену және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

Мемлекеттік акциялар пакеттері мен республикалық меншіктегі ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестерін иелену және пайдалану құқығы берілген салалық министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 118-17, 118-18-жолдармен толықтырылсын:

"118-17 "Ұлттық сараптау мен сертификаттау орталығы" ААҚ;

"118-18 "Ұлттық тіркеу орталығы" ААҚ.

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.18. N 1552 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК